2026 жылға Балқаш қаласы және Саяқ кенті бойынша кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 26/214 шешімі

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі баскару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 "Кондоминиум объектісін басқаруға арналған шығыстардың жылдық сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға арналған жарналардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20284 тіркелген) бұйрығына сәйкес, қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. 2026 жылға арналған Балқаш қаласы мен Саяқ кенті бойынша кондоминиум объектісін басқаруға ең төменгі жарналар мөлшері бір шаршы метрге айына 0,016756 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы *А. Муслымов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК